

**ОРАЛДЫҢ
ҒЫЛЫМ
ЖАРШЫСЫ**

ISSN 1561-6908

№ 13 (144) 2015

Серия:

Филологические науки

История

Музыка и жизнь

Педагогические науки

Психология и социология

МАЗМҰНЫ

ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Абильбекова Б.Т. АУЫЗЕКІ ТІЛ МӨДЕНИЕТІНДЕГІ СӨЙЛЕУ СТИЛІ.....	5
Алтыбаева А.Б. ТІЛДІҢ ЛИНГВОМӨДЕНИ АСПЕКТИЛЕРІН МОДУЛЬДІ ОҚЫТУ	9
Журсиналина Г.Қ., Каженова А. ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛБЕМЕТТІК САПА-ҚАСИЕТ БЕЛГІЛЕРІ ТУРАЛЫ ...	12
Искакова Р.К., Ниязова Ә.М. ТІЛ ТҰТАСТЫҒЫ – ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫ	17

ИСТОРИЯ

Дашкевич А.И. ВЫСШИЙ ОФИЦЕРСКИЙ КОРПУС КАК ОБЪЕКТ И ПРЕДМЕТ ИСТОРИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ.....	21
--	----

МУЗЫКА И ЖИЗНЬ

Корчагина Г.Н. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО РАЗУЧИВАНИЮ НОТНОГО ТЕКСТА В КЛАССЕ ФОРТЕПИАНО.....	30
Ратчук А.В. РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ СОЛЬФЕДЖИО, КАК ПОТЕНЦИАЛА СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЛИЧНОСТИ.....	39

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Козак Д.В., Давыбида Н.О., Назарук В.Л. ИССЛЕДОВАНИЯ ПО ФОРМИРОВАНИЮ КУЛЬТУРЫ ЗДОРОВЬЯ БУДУЩИХ ВРАЧЕЙ СРЕДСТВАМИ ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЙ	45
Захарова Т.А. УСЛОВИЯ СОЦИАЛИЗАЦИИ РЕБЕНКА ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ	50

Абильбекова Бақыт Турсынбекқызы
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы

АУЫЗЕКІ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ СӨЙЛЕУ СТИЛІ

Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас құралдарының ішіндегі өмірде кең қолданылатыны және аса маңыздысы – тіл. Сондықтан адамдар арасындағы қатынас мәдениеті туралы айта отырып, сөз мәдениетіне соқпай кету мүмкін емес. Сөз мәдениеті, біріншіден, ауызекі тіл мәдениеті және жазба тіл мәдениеті болып екіге бөлінеді. Ауызекі сөйлеу тілінің де жазба тілінің де бастау негізі – белгілі бір ұлттың дәстүрімен сабақтасқан жалпы халықтың тілі. Ауызекі сөйлеу – адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауының бір түрі. Ауызекі тілдің басты ерекшелігі – сөйлеудің алдын ала дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асатындығы. Тіл білімінде ауызекі тілді функционалдық стильдердің бір түрі ретінде қарастырады. Басқа стильден оның біршама өзгешеліктері бар. Мұнда тіл мәдениетін қағаң сақтауға талап қою дұрыс бола бермейді. Негізгі мақсаты тікелей және тез хабар беріп, хабар алу болғандықтан ауызекі тілде әдеби тілдің нормасынан тыс сөздер мен сөз тіркестері – варваризмдер, кәсіби сөздер, жаргондар, диалектілер т.б. кездесуі әбден мүмкін. Бұл ауызекі тілдің заңдылығын бұзу болып есептелінбейді. Ауызекі тілдің тағы бір ерекшелігі – әңгіме тақырыбының тез өзгеріп отыратындығы (екі адам ауа райы туралы сөйлесіп тұрып, күтпеген жерден өндіріс мәселесін сөз етуі мүмкін). Тілдегі экспрессивті, эмоциональдық қасиеттер көп жағдайда ауызекі тілде байқалады. Ауызекі тілде тілдік (лингвистикалық) факторлармен қоса, тілден тысқары факторлардың (экстралингвистикалық) да жарыса пайдаланылуы осы стильдің өзіндік ерекшелігі болып табылады (сөз болып отырған оқиға тыңдаушысына түсінікті болса да, бет пішінінің, қолының қозғалыстары, дауысты көтере немесе сыбырай сөйлеуі т.б.). Экспрессия және ықшамдылық үшін ауызекі тіл сөздерді өзгеше жұмсайды, ерекше синтаксистік бірліктер (сөз тіркестер мен сөйлемдер) құрайды. Ауызекі тілдің тек өзіне тән сөздік қоры болады, ол екпінге, сөйлемдегі мағынаға көбірек сүйенеді. Ауызекі тілді жалпыхалықтық тілдің бір түрі ретіндегі сөйлеу тілінен ажырата білудің елеулі мәні бар. Сонымен қатар ауызекі сөйлесу кезінде жеке адамдар өзінің мінез-құлқын көрсетеді.

Екіншіден, сөз мәдениеті сөзді дұрыс қолдану (сөз дұрыстығы) және сөзді бедерлі жұмсау (сөз шеберлігі) деген екі сатыдан тұрады. Сөз дұрыстығы қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормасын ұстану дегенді білдірсе, сөз шеберлігі тек нормаға тән дұрыстықты ғана білдірмейді, сонымен қатар алуан

түрлі тілдік амал-тәсілдерінің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, ұтымды түрін талғау дегенге негізделеді. Бұл жерде сөзге дұрыс не бұрыс деген баға берілмейді. Сөз «дәлірек», «айкынырақ» деп бағаланады. Тіл анық болмас, ой анық емес деген сөз. Тіл – ойдың айнасы. Тілдегі сауатсыздық – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі.

Сөйлеу, тілдік амалдар, тіл мәдениеті туралы сөз етсек, адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікірін, ойын білдіруін – сөйлеу деп атайды. Сөйлеуге адамның анатомиялық мүшелері қатысады, алайда ол адамның психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне тығыз байланысты. Сөйлеу үшін жасалған тілдік амалдар ұзақ уақыт бойы адамдардың пікір алысу тәжірибесі негізінде қалыптасты. Тілдік амалдар – сөз тудыру, сөйлем құрау ережелері. Олар – көпшілікке ортақ, объективті категориялар. Соның нәтижесінде тіл – жұрттың бәріне бірдей түсінікті қатынас құралаы. Сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайына сәйкес ыңғайланған стилі болады. Тіл мәдениеті – тіл білімінің әдеби тілінің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейді. Тіл мәдениетінің тілдің басқа салаларынан айырмашылығы оның күнделікті өмірде тілдің қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен жақсы қарым-қатынаста болуы. Тіл мәдениеті қамтитын тілдік норманың 3 түрі:

1. Тілдік норма (лексика, сөз жасамдық, грамматика, дыбысталу нормасы).

2. Этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері).

3. Коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары).

Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білу. Тіл адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асырады. Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді *«сөзі мірдің оғындай екен»* деп дәріштейді. Ал Ж. Баласағұн *«ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз»* деп тауып айтқан[2,177].

Көне замандағы мәдениет ошақтарының бірі – шумерлердің тас табактарына былай деп жазылған екен: *«...аузыңа абай бол, көкейдегі ойды айтуға асықпа, ойланбай сөйлесең, опық жейсің...»*, ал мексика халықтарында *«сөйлегенде сабыр сақтаған жөн, асығып-аптықпа, қызбаламба, дауысыңды көтерме, сөзің орынды да ұрымтал болсын»* десе, үнді заңында *«қандай бір қиын жағдайда да балазат сөзге тыйым салынады, көкейге қонымды, көңілге ұнамды сөздер ғана айтылсын»* делінген. Бұл адамның сөйлеу тілінің адам өміріндегі маңызын, жөнімен сөйлей білудің қажет екенін, сөздің құдіретін мойындаудан туған жауапкершілік.

Сөйлеу стилі адамдардың бір-бірімен күнделікті қарым-қатынасында ауызекі тілдесу түрінде жүзеге асатыны белгілі, яғни бұл жерде тілдің коммуникативтік функциясының баса сезілетіндігіне байқалады. Ауызша сөйлеуде еркіндік басым екендігі, күнделікті өмірдің барлық саласында тілдің қызмет ететіндігі, бірақ тілдік жүйені пайдаланудың әртектілігі түсіндіріледі. Ауызекі сөйлеу стилінің

қолданылатын формалары жарыссөз, дәріс, консультация, баяндама, әңгімелесу, сөйлеу стилінің ерекшеліктері жөнінде айтылады.

Сөйлеу мәдениетінде әр тіл өзінің әуезділігімен, бейнелілігімен, астарлы да орамды болуымен тыңдаушысын баурап алып, өз құзыреттілігіне ие болып, тілдік тұғырдан көрініп жатады. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдете енгізу мәселесі үлкен маңызды да, өзекті мәселе болып отыр. Әйтседе, басқа ұлт өкілдері үшін қазақ тілін игеру, меңгеру аса күрделі. Өйткені орыс тілі құрылысы жағынан қопармалы яғни, флективті тілге жатса, ал, қазақ тілі агглютинативті яғни, жалғалмалы тілдер қатарына жатады. Бұны айту себебim, тіл үйретуде қарастырылып отырған орта орыс тілді болғандықтан, тіл үйренуші үйреніп отырған тілін өз ана тіліне аудара отырып, қабылдайды, содықтан да:

-1-шіден тілді түбегейлі түсіну үшін, салыстырмалы грамматиканы қолдану;

-2-шіден сөйлеу әрекетін екі тілде де түсіну үшін;

-3-шіден аударма ісіне қабілеттілігін арттыру үшін қажет деп ойлаймын.

Тіл үйретуші тілді үйрету барысында міндетті түрде сол тілдің тілдік нормасын яғни, сөйлеу мәдениетін қатаң сақтап отыруы қажет. Тіл үйретуде тіл үйренушінің сөйлеу мәдениетін қалыптастыру өте күрделі де маңызды мәселе. Себебі, қай қоғамды алып қарасақ та, тіл арқылы мәдениет пен өркендеу болады. Сөйлеу мәдениетіне жетпейінше, жоғары ақыл-ой мәдениетіне жетуге болмайды. Сөз мәдениетінің жоғары болуына төмендегідей талаптар қою орынды:

-сөздің жүйелі, анық, түсінікті болуы;

-сөздің тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай дұрыс қолданылуы;

-сөздің қажет еткен жағдайда бейнелі, көркем, эмоциялы болуы.

Сөйлеу – адамдар арасындағы қарым-қатынастың ең бір тиегі, кілті десек, сөйлеуде қате жібермеу де, адамзат үшін бірден-бір қажеттілік. Себебі, әр саналы азамат көкейдегі көрікті ойын жеткізуде қателеспеуге тырысады. Бұл – ойдың кілті десек, оны іске асыратын оралымды әуезді сөйлемдер, яғни, сөйлеу мәдениеттілігі. Дегенмен, ауызекі сөйлеу мәдениетінде кей кезде ойымызды пәрменді, жетік, әсерлі етіп жеткізуде қалыс қалып, «әттеген-ай» деп айтқызатын кездер жиі ұшырасады. Бұған себеп – қостілділік. Қостілділік – этникалық қарым-қатынастың лингвистикалық формасы, әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиядағы тілдік қатынастың жүйесі. Қостілдік екі тілді жүйенің өзара әрекеттесуін қарастырады. Өзге тілдің ана тілінде сөйлеуге тигізетін бұпалын лингвистикада «интеркаляция» деп аталады, яғни «кірістіру», «кіріптіруші» тілдердің өзара әрекеттестігі негізінде бір тілдің екінші бір тілге өз элементтерін кіріктіріп, шұбарлану дегенге саяды.

Қостілді қазақтардың тілінде интеркаляция мына төмендегі жағдайда кездеседі:

1) қазақ тілінде баламасы бола тұра орыс тілі бөлшектерінің қолданылуы;

2) орыс тілінде сөйлегенде қазақ сөздерін қосып айту;

3) қазақ тілінде сөйлегенде, екі тілдің сөздерін қатар қолданып сөйлеу;

4) сөзбе-сөз аударып сөйлеу;

Сөз байлығы – тіл байлығы. Тілімізді таза, нормада сөйлеуге тіл білімінде кеңінен белең алған қостілділіктің әсері дұрыс, таза сөйлеуімізге үлкен әсер етеді

десем: «қатесеспеймін», – деп ойлаймын. Мысалы, «Мен ойлаймын, қазіргі балалар асық ойнамайтын болар» (*Я думаю, сегодняшние дети не играют асық*) калька тәсілімен аударылып, сөздің, сөйлеудің әуезділігін, бұзып тұр.

Мысалы ауызекі сөйлеу тілінде қалыптасып айтылып кеткен құлаққа сіңіп кеткен нормадан тыс (қате түрде) айтылатын сөздер бар, бірақ оларды жазу барысында нормаға сай жазуымыз керек. (1 кесте)

Ауызекі стилінде қалыптасқан	Тілдік нормада
<i>Келе жатырм</i>	<i>Келе жатырмын</i>
<i>Айтам</i>	<i>Айтамын</i>
<i>Болам</i>	<i>Боламын</i>
<i>Сосын</i>	<i>Сонан соң</i>
<i>Жарайт</i>	<i>Жарайды</i>
<i>Келмейт</i>	<i>Келмейді</i>
<i>Қал қалай</i>	<i>Қалың қалай</i>
<i>Ол барайын деп ед</i>	<i>Ол барайын деп еді</i>
<i>Маған оқу керек</i>	<i>Менің оқуым керек</i>
<i>Ол бүгін келед</i>	<i>Ол бүгін келеді</i>
<i>Ол қазақша жақсы сойлейд</i>	<i>Ол қазақша жақсы сойлейді</i>
<i>Қазір келед</i>	<i>Қазір келеді</i>
<i>Менде сізге сұрақ бар</i>	<i>Менің сізге сұрағым бар</i>
<i>Менде ата-ана бар</i>	<i>Менің ата-анам бар</i>

Енді бір жағдай, ауызекі сөйлеу тілінде калька аудармасымен, яғни сөзбе-сөз аударылған сөйлеу мәдениетіне өте қайшы, қатесін дұрыстауды талап ететін сөздер мен сөйлемдер. (2 кесте)

Ауызекі тілде қалыптасқан	Тілдік нормада
<i>-Мен ойлаймын сізді жақсы адам деп</i>	<i>-Мен сізді жақсы адам деп, – ойлаймын</i>
<i>-Мен түсінемін айтқандырыңызды</i>	<i>-Мен сіздің айтқандарыңызды түсінемін</i>
<i>-Мен уайымдаймын, ол кеш келед деп.....</i>	<i>-Мен оны кеш келеді деп, - уайымдаймын</i>
<i>-Кешіріңіз маған кету керек ед</i>	<i>-Кешіріңіз, менің кетуім керек еді</i>
<i>-Мен білемін, сіз істей аласыз деп ойладым</i>	<i>-Мен сізді жақсы білгендіктен, сізді істей алады деп, - ойладым</i>
<i>-Менде аға, іні бар</i>	<i>-Менің ағам, інім бар</i>

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ахаңов К. «Тіл білімінің негіздері»
2. Болғанбаев Ә. «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі»
3. А.Н.Гвоздев «Очерки по стилистике русского языка»